ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ

# « МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

# МЕТОДИЧЕСКОЕ РУКОВОДСТВО «ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА»

**Астана 2023**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі*
*Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру»: Әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2023. – 25 бет.

Пікір жазғандар:
С.Н. Жиенбаева п.ғ.д., профессор;
А.Е. Бекишева меңгеруші;
А.У.Сулейменова әдіскер.

«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік нұсқаулығы мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған, ұсынымдар берілген.

Бұл Әдістемелік нұсқаулық мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне ұсынылады.

Әдістемелік нұсқаулық Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған. (2023 жылғы 28 шілдедегі №5 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2023 жыл

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі кезеңде адамның табиғатпен дәстүрлі өзара іс-әрекеті жаһандық экологиялық проблемаға айналды.

Егерде адамдар таяу арада табиғатты қорғауды үйренбесе, онда олар болашағына зиян келтіреді, оның алдын алу үшін экололгиялық мәдениет пен жауапкершілікке тәрбиелеуіміз қажет. Экологиялық тәрбие мектепке дейінгі жастан басталуы тиіс, себебі балалық шақтың осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсерде болады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсінік, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтері қаланады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі педагогикада балаларға экологиялық тәрбие беруге ерекше назар аударылуда.

Экологиялық түсініктерді қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – балалардың табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тікелей бақылауы. Сондықтан тірі табиғатпен қарым-қатынас жасауға және өсімдіктер мен жануарларды бақылауға мүмкіндік беру керек. Балабақшалардың учаскелеріндегі, бақтар мен саябақтарда өсетін өсімдіктерді балаларға бай танымдық материал ретінде ұсынуға болады, ал педагогке толыққанды экологиялық тәрбиені жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалар арасында экологиялық сананы қалыптастыру мәселелері қоршаған ортаның жаһандық проблемаларын және балалардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру, қазіргі замандағы өзекті және өте маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша мектепке дейінгі ұйымның педагогтеріне арналған Әдістемелік нұсқаулық әзірлеу өзекті болып табылады.

Экологиялық тақырыптарды мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының мазмұнына енгізу мен балаларда экологиялық сананы дамыту құралдарын қалыптастырудың, оның ішінде табиғи жағдайда экскурсиялар, табиғат және экология мәселелері бойынша практикалық сабақтар өткізудің, салауатты өмір салты дағдыларын дамытудың маңыздылығын атап өткен жөн.

Әдістемелік нұсқаулықта мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға экологиялық тәрбие беру саласында өткізілген зерттеулерге шолу жасалған. Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларындағы экологиялық білім берудің әртүрлі тәсілдерін талдайды және осындай тәсілдердің тиімділігін қарастырады.

Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты экологиялық сана мен табиғаттағы тәрбиеленушілердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәселелерінде әдістемелік көмек көрсету үшін әзірленген.

Бұл материал мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған құрал және әдістемелік нұсқаулық болып табылады.

# КІРІСПЕ

Ерте жастан бастап бала айналасындағы әлемді мағыналы түрде тани бастайды және талдай бастайды, адамдарға белгілі бір пікір мен көзқарас қалыптастырады.

Мектепке дейінгі жаста баланың табиғатқа деген көзқарасын одан әрі анықтауға, оған жанашырлық танытуға және біздің әлемдегі бай экологиялық проблемалардың көпшілігін шешуде белсенді әрекет етуге көмектесетін экологиялық позициялар қалыптасады.Бала бойына сіңіре отырып, өзіне жақын адамдардан білім алады және дамиды, табиғатта өзін дұрыс ұстауды үйренеді, не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын түсіне бастайды.

Қазіргі экологиялық білім [1] елдегі мектепке дейінгі педагогиканың ерекше бағыты ретінде бірнеше компоненттер негізінде қалыптасады:

– балалардың табиғатта бақылау жүргізіп, экскурсияға қатысуына негізделген отандық педагогика үшін дәстүрлі әдістер;

– халықтық дәстүрлер: халықтық мерекелер, ойындар, ертегілер;

– әлемдік тәжірибе: мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудің жалпы тәжірибесінде шетелдік технологиялар аз ұсынылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі мен білімі деп білім жүйесін, құндылық бағдарларын қалыптастыруға, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға бағытталған тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың және дамытудың үздіксіз процесі аталады [2].

Экологиялық тәрбиенің мақсаты балалардың экологиялық мәдениетінің бастапқы нысандарын тәрбиелеу, олардың табиғаттағы қарапайым қатынастарды түсінуі, қоршаған ортаның табиғи объектілерімен адамгершілік-эмоционалды өзара әрекетінің алғашқы практикалық дағдыларын дамыту болып табылады [3].

Міндеттері: мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістерін қарастыру, экологиялық бағыттағы іс-әрекет түрлері мен отбасындағы мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу жүйесін сипаттау.

Әлемдегі экологиялық проблемалардың туындауы халықтың экологиялық санасын, табиғатты пайдалану мәдениетін қалыптастыру бойынша қарқынды ағарту жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Бұл жұмыс үздіксіз білім беру жүйесінің бастапқы буыны– балабақшада басталады [4]. Мектепке дейінгі балалық шақ – адамның жеке басын қалыптастырудың бастапқы кезеңі, оның қоршаған әлемдегі құндылық бағдары.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларын экологияландыру процесі әрбір жеке адамның экологиялық санасын, оның экологиялық мәдениетін қалыптастырудан басталады.

Қазір жас ұрпақтың экологиялық біліміне оның дамуының барлық кезеңдерінде, атап айтқанда, бастапқы кезеңіне қойылатын талаптар артып келеді.

Бұл процесте мектепке дейінгі ұйымдар ерекше рөл атқарады.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды дамыту мен тәрбиелеудің көптеген вариативті және балама бағдарламаларын іске асыру ұсынылады.Бұл бағдарламалар тәрбиешіге мектепке дейінгі білім беру алдында қойылған күрделі мәселелерді, атап айтқанда мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру мәселесін шешуге көмектесуге арналған [5]. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру негіздерін қалыптастыру – зияткерлік және эмоционалды компоненттерді қамтитын табиғатқа саналы көзқарастың қалыптасуы [6].

Зерттеушілер [5] мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеудің келесідей әдістерін ұсынады (1-кесте):

- тірі табиғатқа қажетті жағдай жасау мен қолдау бойынша тәрбиеші мен баланың бірлескен іс-әрекеті балаларға экологиялық тәрбие берудің басты әдісі;
- табиғатты сезіп тану әдісі ретінде бақылау;
- модельдеу әдісі;
- ойын эмоционалды әрекет ретінде;
- ауызша-әдеби әдіс.

*1-кесте – Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері*

| № | Әдістер | Сипаттама | Қосымша сипаттама |
|---|---|---|---|
| 1 | Тірі табиғатқа қажетті жағдай жасау мен қолдау бойынша баламен тәрбиешінің бірлескен іс-әрекеті | Экологиялық тәрбие берудің басты әдісі. Оларда практикалық дағдылар мен біліктер қалыптастыруға бағытталған. | Нысандарды қадағалау (өсіру нәтижелері) қалыптасқан дағдыларды реттеуге мүмкіндік береді және олардың саналы сипатын қамтамасыз етеді. Экологиялық білім беруде осы әдіс модельдеу қызметімен үйлескенде жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Заттарға қамқорлық жасау, оларды жөндеуге және жаңартуға тәжірибе жүзінде қатысу балаларда қажетті дағдыларды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | дамытуға ықпал етеді. |
| 2 | Бақылау | Табиғатты сезіп тану әдісі | Тірі табиғатпен қоршаған ортамен тікелей байланысты қамтамасыз етеді. |
| 3 | Моделдеу әдісі | Экологиялық тәрбие жүйесінде маңызды орын алады | Табиғат күнтізбелерімен жұмыс істеу, бейнелеу өнімдерімен танысу, кәсіби түрде жасалған өнер туындыларын (көркем суреттер, музыка және әдеби шығармалар), табиғат мотивтері бейнеленген халықтық қолөнер бұйымдарын қабылдау — балалардың табиғатпен тікелей байланыста болған кездегі түсініктерін нақтылауға, бекітуге және кеңейтуге мүмкіндік береді. |
| 4 | Ойын | Эмоционалды әрекет. Балаларды табиғатпен таныстырудың тиімділігі олардың тәрбиешіге деген эмоционалды қарым-қатынасына байланысты, тәрбиеші балалармен бірге өсімдіктер мен жануарларға бақылаулар жүргізеді, тәжірибеде өзара әрекетті үйретеді, тапсырмалар береді, ұйымдастырады | Ойнап жүрген бала жақсы көңіл-күйде, өзара белсенді қарым-қатынаста болады. Ойын мен табиғатпен танысуды біріктіріп өткізу, балаларды сүйікті әрекетпен айналысуға, «табиғи» мазмұнды қабылдау үшін қолайлы эмоционалды жағдай жасауға, табиғатпен қарым-қатынас жасауды дамытуға мүмкіндік береді, бұл экологиялық тәрбие беруде негізгі нәтиже болып табылады.<br>. |
| 5 | Ауызша әдіс | Сөйлеу әрекетінің ерекшелігіне байланысты дербес әдіс ретінде айқындалады. | Диалог (әңгіме, талқылау) табиғат туралы және ондағы адамдардың іс-әрекеті туралы нақты түсініктерді қалыптастыруға және түзетуге мүмкіндік береді.<br>Монолог (тәрбиешінің әңгімесі, кітап оқу) мектеп жасына дейінгі балаларда бастапқы экология туралы түсініктерді, әңгіме айту табиғаттағы байланыстарды түсінуді қалыптастырады, мектеп |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жасына дейінгі балалар оның заңдылықтары туралы хабардар болады. |

Экологиялық тәрбиенің негізгі мазмұны мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортадағы табиғи құбылыстар мен объектілерге саналы түрде қарым-қатынас жасауды қалыптастыру болып табылады.

## ОТБАСЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруді жүзеге асыру, отбасында жалғасын тапса тиімдірек болады. Отбасы – бұл жеке тұлғаны тәрбиелеуде белгілі бір рөл атқаратын шағын ұжымның бір түрі. Отбасылық тәрбие – ата-аналар бала тәрбиесіндегі әрекетін отбасы өмірі ықпалымен байланыстыратын, қоғамдағы жас ұрпақты тәрбиелеудің нысандарының бірі болып табылады. Отбасылық тәрбие арқылы баланың қоршаған ортамен әртүрлі қарым-қатынастары реттеледі. Бұл жерде отбасындағы тәрбиенің ерекшелігін атап өту қажет. Отбасында баланы табиғатты қорғауға тәрбиелеу негіздері қаланады. Отбасында балаға экологиялық тәрбие беру табиғатты қорғауға, адамгершілік қарым-қатынастарға тәрбиелеуде маңызды.

## ТАБИҒАТТА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАСЫ МЕН МІНЕЗ ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Соңғы онжылдықтарда психологиялық-педагогикалық зерттеулер мектепке дейінгі жаста экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыруға болатындығын көрсетті [5]. Тірі табиғаттың жетекші заңдылықтарын көрсететін нақты білім жүйесі экологиялық мәдениеттің бастапқы буыны болып табылады [7].

Шетелдік ғалымдардың зерттеулері бойынша тұлғаның негізгі қасиеттерін қалыптастыру үшін қолайлы кезең мектепке дейінгі жастан бастауыш мектеп жасына ауысу кезеңі болып табылады [5]. Бала осы жаста қоршаған ортаны тез қабылдайды және өз бетінше танып білуге және өзін

бақылау элементтері дами бастайды, бұл мектеп жасына дейінгі балаға сана мен іс-әрекеттің дербестігінің белгілі бір деңгейін қамтамасыз етеді [6]. Баланың табиғатпен қарым-қатынас процесінде алған дағдысы жануарлардың мінез-құлқындағы, өсімдіктердің жай-күйіндегі нақты жағдайларды түсінуге, оларды дұрыс бағалап, жауап беруге ықпал етеді.

Экологиялық білім мен тәрбие беру қоғамның экологиялық мәдениетімен диалектикалық өзара байланысты элементтерді: экологиялық сана, экологиялық дүниетаным және экологиялық әрекет жүйесін құрайды [7].

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениеті [5] тұлғаның сапасы ретінде :

- табиғатқа қызығушылық және оны қорғау мәселелері;
- табиғи обьектілер туралы білім, оларды қорғау әдістері, тірі табиғатты қорғау;
- табиғатқа қатысты моральдық және эстетикалық сезімдер;
- табиғи ортаға қатысты экологиялық сауатты әрекет (ересектермен бірге);
- табиғи ортадағы тұлғаның іс-әрекеті мен мінез-құлқын анықтайтын мотивтер компоненттерімен айқындалады.

Тұлғаның сапасы ретінде экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру:

– білімнің қалыптасуы және табиғатқа қарым-қатынасы, оның адам өмірі үшін маңызы;

- ойын арқылы зияткерлік және практикалық дағдыларды қалыптастыру;
- экологиялық сипаттағы құндылық бағдарларын тәрбиелеу;
- орынды мінез құлық пен іс әрекетті қалыптастыру;
- ойын барысында адамгершілік қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша белсенді тәжірибелік іс-шараларға қатысуды қамтиды [7].

Балалардың табиғатқа саналы түрде қарым қатынасы табиғатты сезіммен қабылдауға, оған эмоционалды қатынасқа және жеке тіршілік иелерінің тіршілік ерекшеліктері, өсуі мен дамуы, кейбір биоценоздар, тірі организмдердің қоршаған орта факторларына бейімделу тәуелділігі, табиғи қауымдастықтар ішіндегі қатынастар туралы білімге негізделген.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРЛЕРІ

Іс-әрекет – қоршаған ортамен белсенді өзара қарым-қатынас болып табылады. Экологиялық бағыттағы іс-әрекет ерікті бастамаларға негізделген және сабақтан тыс уақытта қоршаған ортаны зерделеуге байланысты ұйымдастырылған тәрбиелеу- білім беру жұмысы деп айқындалған [7].

Экологиялық бағыттағы іс- әрекет түрлері [7]:

- табиғаттағы әртүрлі оқиғаларды немесе ересектердің табиғатты құру әрекеттерін бейнелейтін ойын әрекеті, рөлдік ойын;
- жасыл аймақтағы тірі объектілерге жағдай жасау бойынша еңбек және тәжірибелік іс-әрекет;
- көркем-шығармашылық іс-әрекет, табиғатпен байланысты адамдардың іс-әрекетінен алған әсері негізінде бейнелеу өнімдерін жасау;
- практикалық танымдық іс-әрекет – эксперимент;
- дербес танымдық іс – әрекет– бақылау;
- сөйлеу іс-әрекеті;
- табиғатты қорғау іс-әрекеті;
- кешенді іс-әрекет – өсімдіктер мен жануарлар әлемінің объектілерімен өз еркімен байланыс, табиғатпен қарым-қатынас, бағалау пікірлері, қызығушылық таныту.

Экологиялық тәрбие бойынша іс-әрекет нысандары:

- жеке нысандар;
- топтық нысандар;
- көпшілік нысан.

Бұл нысандардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, толықтырады және жетілдіреді. Олардың әрқайсысы негізінен педагогтің басшылығымен балалардың тәжірибелік жұмысына негізделген, сондықтан қандай да бір нысанды таңдағанда балалардың дайындық дәрежесін, олардың даму деңгейін, жеке ерекшеліктері мен мүдделерін ескеру қажет.Алдағы іс-әрекетке қызығушылықты арттыру үшін балалар алдағы жұмыстың перспективасын жоспарлау мен өткізуді талқылауға қатысады.

Балалардың *жеке жұмысты* орындауы тиісті педагогикалық әсер береді. Оны ұйымдастыру жеке сараланған тәсілді, мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық ерекшеліктерін білуді талап етеді.

*Топтық және көпшілік нысандарға мыналарды* (2-кесте):

экологиялық мерекелер;

экологиялық ойындар;

экологиялық жарыс ойындары;

рөлдік экологиялық ойындар;

имитациялық экологиялық ойындарды қамтиды.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-әрекетті ұйымдастырудың барлық түрлері мен әдістері ішкі оқу-әдістемелік және бағдарламалық құжаттармен реттелуі тиіс.

*2-кесте – Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша іс-әрекеттің топтық және көпшілік нысандары*

| № | Нысандары | Сипаттама | Үлгілері |
|---|---|---|---|
| 1 | Экологиялық мерекелер | Белгілі бір күнге орайластырылған экологиялық іс-шаралар жиынтығы. | Викториналар, қабырға газеттерін, альбомдарды, көрмелерді безендіру. |
| 2 | Экологиялық ойындар | Қатысушылардың ерекше (ойын) іс-әрекетін өрістетуге негізделген, мотивацияның, танымдық қызығушылықтың және эмоционалды қатысудың жоғары деңгейін ынталандыратын ойындар, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды. | |
| 3 | Экологиялық жарыс ойындар | Қатысушылардың экологиялық білімді, дағдыларды, меңгеруі мен мен көрсетудегі белсенділігін ынталандыруға негізделген ойындар. | Аукцион - конкурс, табиғатты қорғау бойынша жобалар конкурсы, марафон-конкурс, экологиялық викториналар. |
| 4 | Рөлдік экологиялық ойындар | Экологиялық іс-әрекеттің әлеуметтік мазмұнын модельдеуге негізделген ойындар. | |
| 5 | Имитациялық экологиялық ойындар | Экологиялық шынайылықтың және экологиялық іс-әрекеттің заттық мазмұнын модельдеуге негізделген ойындар. | |

Табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыратын, экологиялық проблемаларды әлеуметтік және жеке маңызды мәселе ретінде тану мақсатында өткізілетін тәрбие іс-шаралары экологиялық тәрбие тұрғысынан тиімді болуы мүмкін.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Экологиялық тәрбие тұлғаның негізін қалайтын құндылықтардың бірі болғандықтан мектеп жасына дейінгі баланың рухани-адамгершілік санасы мен табиғатқа эмоционалды айқын көзқарасының қалыптасуын білдіреді. Балаларға табиғаттың әмбебап құндылық ретіндегі маңыздылығын түсінуге, табиғаттың әсемдігін, құндылығын түсінуге бағыттау қажет. Балалардың табиғатты күтуге деген белсенді ұмтылысы тірі табиғатқа қамқорлық жасаудың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Күтім процесінде балалар өсімдіктер мен жануарлардың өмірі мен жайы адам еңбегіне тәуелділігін көрнекі түрде қадағалап, біртіндеп түсіне бастайды. Балалар табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдайлы. Көптеген психологтер мен педагогтер табиғатқа қарым-қатынасты тәрбиелеуде эмоционалды-эстетикамен зияткерліктің өзара байланысын көрсетеді. Олар эстетикаға бағытталған қабылдауды табиғи құбылыстарды танымай және оларды толығымен меңгермей мүмкін еместігін атап көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар нормалар мен ережелерді, сондай-ақ экологиялық сипаттағы шектеулерді меңгеое алады. Баланың табиғатқа деген моральдық ұстанымы экологиялық жағдайлардағы мінез-құлықта, жанашырлық сезімі арқылы көрінеді. Балаларды табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен оның сақталуы мен қорғалуын ескере отырып таныстыру қажет. Бірте-бірте бала тұлғаның экологиялық мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын экологиялық дағдылар жүйесін меңгереді.

Экологиялық тәрбиенің жалпы мақсатында бала психологиясының даму ерекшеліктеріне сүйене отырып, мектепке дейінгі жаста экологиялық мәдениеттің негізін қалауға болатындығы жазылған, осы кезеңде жарқын, бейнелі эмоционалды әсерлер, алғашқы табиғаттану түсініктері, қоршаған ортаға деген дұрыс қарым-қатынастың және ондағы құндылық бағдардың негізін құрайды. Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша әдістемелік басшылық адамның табиғатқа және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру ерекшеліктеріне педагогтер мен ата-аналардың назарын аударуға арналған.

Бұл әдістемелік нұсқаулықта мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері қарастырылған; экологиялық бағыттағы әрекет түрлері және отбасында экологиялық тәрбиелеу жүйесі сипатталған.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша кешенді жұмыс олардың дамуының маңызды аспектісі болып табылады, ол экологиялық сананың қалыптасуымен, табиғатқа және салауатты өмір салтына жауапкершілікпен қараумен сипатталады. Мектепке дейінгі ұйым балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеуде және табиғатқа жауапкершілікпен қарауды үйретуде шешуші рөл атқарады.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы – : https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031
2. Үлгілік оқу жоспарлары : ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
5. Николаева С.Н. Методика экологического воспитания дошкольников: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., испр. — М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 184 с.
6. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Социально-эмоциональное дошкольное воспитание и интеллектуальное развитие ребенка // Обществознание и социальная психология. – 2023. – № 5 (49). – С. 806-810. – https://drive.google.com/file/d/1q4P6Kmg9Opx_xtCfjZ97lQ79A_rZ40nR/view?usp=share_link
7. Суркина С.А. Экологическое образование дошкольников: учебное пособие. – Саратов: Изд-во «Саратовский источник», 2011. – 103 с.

МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1. | Түсіндірме жазба | 3 |
| 2 | Кіріспе | 4 |
| 3 | «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында баларды экологиялық тәрбиелеу» әдістемелік нұсқаулық | 5 |
| 4 | Қорытынды | 11 |
| 5 | Қолданылған әдебиеттер тізімі | 12 |

*Разработано на базе Института раннего развития детей*
*Министерства Просвещения Республики Казахстан*

«Экологическое воспитание детей дошкольного возраста» : Методическое руководство. – Астана, 2023. – 25 стр.

Рецензенты:
Жиенбаева С.Н. д.п.н., профессор;
Бекишева А.Е. заведующая;
Сулейменова А.У. методист.

В Методическом руководстве «Экологическое воспитание детей дошкольного возраста» рассматриваются рекомендации для педагогов дошкольных организаций по экологическое воспитание детей в условиях дошкольной организации.

Данное Методическое руководство рекомендовано работникам дошкольных организаций.

Методическое руководство рассмотрено и рекомендовано Научно-методическим советом Института раннего развития детей (протокол № 5 от 28 июля 2023 года).

Институт раннего развития детей, 2023 год

## ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

На современном этапе вопросы традиционного взаимодействия природы с человеком выросли в глобальную экологическую проблему. Если люди в ближайшем будущем не научатся бережно относиться к природе, они погубят себя. А для того, чтобы это не случилось, надо воспитывать экологическую культуру и ответственность. И начинать экологическое воспитание надо с дошкольного возраста, так как на этом этапе дошкольного детства ребенок получает эмоциональные впечатления о природе, накапливает представления о разных формах жизни, то есть у него формируются первоосновы экологического мышления, сознания, закладываются начальные элементы экологической культуры.

В настоящее время в дошкольной педагогике уделяется огромное внимание экологическому воспитанию детей.

Одно из важнейших условий формирования экологических представлений – это непосредственные наблюдения детей за объектами и явлениями в природе. Поэтому необходимо предоставить возможность общаться с живой природой и наблюдать за растениями и животными. Растения, которые растут на участках детский садов, палисадниках и парках, могут предоставить малышам богатейший познавательный материал, а педагогу возможности для реализации полноценного экологического воспитания.

Актуальность создания Методического руководства для педагогов дошкольных организаций по экологическому воспитанию детей дошкольного возраста обусловлена также тем, что вопросы формирования экологического сознания среди дошкольников являются одним из актуальных и чрезвычайно значимых вопросов в наше время, учитывая глобальные проблемы окружающей среды и намерение формировать у детей ответственного отношения к природе.

Отмечается важность включения экологических тем в содержание дошкольной программы и формирование инструментария для развития экологического сознания у детей, включающее проведение экскурсий в природных условиях, проведение практических занятий по вопросам природы и экологии, развитие навыков здорового образа жизни.

Руководство представляет собой обзор исследований, проведенных в области экологического воспитания детей в дошкольных учреждениях, анализирующее различные подходы к высшему экологическому образованию в программах дошкольного образования и рассматривает эффективность таких подходов.

Целью методического руководства является оказание методической помощи воспитателям в вопросах формирования экологического сознания и культуры поведения воспитанников в природе.

Данный материал является инструментом и методическим руководством для педагогов дошкольных организаций по экологическому воспитанию детей в условиях дошкольной организации.

## ВВЕДЕНИЕ

С ранних лет своей жизни ребенок начинает осмысленно познавать и анализировать окружающий его мир, формировать определенное мнение и отношение к людям.

В дошкольном возрасте формируются экологические позиции, которые помогают малышу в дальнейшем определить свое отношение к природе, сопереживание ей и принятие активных действий в решении большинства экологических проблем, которыми сейчас богат наш мир. Впитывая как губка, ребенок получает знания от близких ему людей и развивается, учится правильно вести себя в природе, начинает осознавать, что можно делать, а что – нельзя.

Современное экологическое образование [1] как особое направление дошкольной педагогики в стране формируется на основе нескольких составляющих:

– традиционные для отечественной педагогики методы, базирующиеся на тесном контакте детей с природой, наблюдениях, экскурсиях;

– народные традиции: народные праздники, игры, сказки;

– мировой опыт: зарубежные технологии пока слабо представлены в массовой практике экологического образования дошкольников.

Под экологическим воспитанием и образованием дошкольников понимают непрерывный процесс обучения, воспитания и развития личности, направленный на формирование системы знаний, ценностных ориентаций, на ответственное отношение к природе [2].

Цель экологического воспитания заключается в воспитании начальных формах экологической культуры детей, понимания ими элементарных взаимосвязей в природе, выработке первоначальных практических навыков гуманно-эмоционально взаимодействия с природными объектами ближайшего окружения [3].

Задачи: рассмотреть методы экологического воспитания дошкольников, описать виды деятельности экологической направленности и охарактеризовать систему экологического воспитания дошкольников в семье.

Усугубление экологических проблем в мире обостряет необходимость интенсивной просветительской работы по формированию у населения экологического сознания, культуры природопользования.

Эта работа начинается в детском саду – первом звене системы непрерывного образования [4]. Дошкольное детство – начальный этап

формирования личности человека, его ценностной ориентации в окружающем мире.

Процесс экологизации всех сфер общественной жизнедеятельности начинается с формирования экологического сознания каждого отдельно взятого человека, его экологической культуры.

Сейчас возрастают требования к экологическому образованию молодого поколения на всех этапах его развития и, в частности, к начальному этапу. Особая роль в этом процессе принадлежит дошкольным организациям.

## МЕТОДЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ

В настоящее время для реализации в дошкольных организациях предложено большое количество вариативных и альтернативных программ развития и воспитания детей. Они признаны помочь воспитателю решить большой и сложный круг проблем, поставленных перед дошкольным образованием, в частности проблему экологического воспитания дошкольников [5]. Формирование основ экологического воспитания дошкольников – это становление осознанно-правильного отношения к природе, включающее интеллектуальный и эмоциональный компоненты [6].

Исследователи [5] предлагают такие методы экологического воспитания дошкольников (Таблица 1):

– совместная деятельность воспитателя и детей по созданию и поддержанию необходимых условий жизни для живых существ как главный метод экологического воспитания детей;
– наблюдение как метод чувственного познания природы;
– метод моделирования;
– игра как эмоциональная деятельность;
– словесно-литературный метод.

*Таблица 1 – Методы экологического воспитания дошкольников*

| № | Метод | Характеристика | Дополнительная характеристика |
|---|---|---|---|
| 1 | Совместная деятельность воспитателя и детей по созданию и поддержанию необходимых условий жизни для живых существ | Главный метод экологического воспитания детей.<br>Направлен на формирование у них практических навыков и умений. | Отслеживание объектов (результатов выращивания) позволяет корректировать складывающиеся навыки и обеспечивает их осознанный характер.<br>Хорошие результаты в экологическом воспитании достигаются, когда этот метод сочетается с моделирующей деятельностью.<br>Забота о вещах, практическое участие в их починке и |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | обновлении также способствуют выработке у детей необходимых практических умений. |
| 2 | Наблюдение | Метод чувственного познания природы. | Обеспечивает непосредственный контакт с природой, живыми объектами, окружающей средой. |
| 3 | Метод моделирования | Занимает значительное место в системе экологического воспитания. | Работа с календарями природы, знакомство с изопродукцией, восприятие произведений искусства, создающихся профессионалами (художественных картин, музыкальных и литературных произведений), предметов народного промысла в которых отражены мотивы природы, — позволяют уточнить, закрепить и расширить представления детей, полученные при непосредственном контакте с природой. |
| 4 | Игра | Эмоциональная деятельность. Эффективность ознакомления детей с природой зависит от их эмоционального отношения к воспитателю, который обучает, дает задания, организует наблюдения и практическое взаимодействие с растениями и животными. | Играющий ребенок находится в хорошем расположении духа, активен и доброжелателен. Объединение игры и ознакомления с природой заключается в том, чтобы «погрузить» детей в любимую деятельность и создать благоприятный эмоциональный фон для восприятия «природного» содержания и связано с выработкой отношения детей к природе, которое в рамках экологического воспитания является конечным результатом. |
| 5 | Словесный метод | Выделяется в самостоятельный метод в силу большой специфики речевой деятельности. | Диалог (разговор, обсуждение) позволяет наращивать и корректировать конкретные представления о природе и деятельности людей в ней. Монолог (рассказ воспитателя, чтение книг) расширяет сферу знаний дошкольников, беседа формирует понимание связей в природе, у дошкольников происходит осознание ее закономерностей. |

Таким образом, основным содержанием экологического воспитания является формирование осознанно правильного отношения к природным явлениям и объектам, которые окружают ребенка и с которыми он знакомится в дошкольном детстве.

## ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ В СЕМЬЕ

Осуществление экологического воспитания дошкольников будет более эффективным, если оно будет иметь продолжения в семье. Семья – это своеобразный микроколлектив, который играет определенную роль в воспитании личности. Семейное воспитание представляет собой одну из форм воспитания подрастающего поколения в обществе, сочетающее целенаправленные действия родителей с объективным влиянием жизнедеятельности семьи. Необходимо отметить и такую особенность семейного воспитания, как регулирование разнообразных отношений ребенка с окружающим миром. В семье закладываются основы гуманного отношения к природе. Таким образом, экологическое воспитание в семье имеет особо важное значение в становлении высоконравственного отношения ребенка к природе.

## ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ И КУЛЬТУРЫ ПОВЕДЕНИЯ ВОСПИТАННИКОВ В ПРИРОДЕ

Как свидетельствуют психолого-педагогические исследования последних десятилетий в дошкольном возрасте возможно сформировать основы экологической культуры [5]. Исходным звеном в ее формировании является система конкретных знаний, отражающая ведущие закономерности живой природы [7].

Как показывают исследования зарубежных ученых, особенно благоприятным для становления базовых качеств личности является период, знаменующий переход от дошкольного к младшему школьному возрасту [5]. Это обусловлено как высокой восприимчивостью детей этого возраста, так и развитием элементов произвольности, самосознания и самоконтроля, что обеспечивает дошкольнику определенный уровень сознательности и самостоятельности действий [6]. Такие знания в процессе общения ребенка с природой обеспечивают ему понимание конкретных ситуаций в поведении животных, состоянии растений, правильную их оценку и адекватное на них реагирование

Экологическое воспитание и образование образуют экологическую культуру общества как систему диалектически взаимосвязанных элементов: экологического сознания, экологического мировоззрения и экологической деятельности [7].

Экологическая культура дошкольников [5] определяется как качество личности, компонентами которой являются:

- интерес к природе и проблемам ее охраны;
- знания о природных объектах и способах их охраны, защиты живого;
- нравственные и эстетические чувства по отношению к природе;
- экологически грамотная деятельность по отношению к природной среде (совместно со взрослыми);
- мотивы, определяющие деятельность и поведение личности в природном окружении.

Формирование основ экологической культуры как качества личности включает:

- формирование знаний и отношения к природе, ее значению для жизни человека;
- формирование интеллектуальных и практических умений средствами игр;
- воспитание ценностных ориентаций экологического характера;
- формирование привычек целесообразного поведения и деятельности;
- формирование способности нравственных суждений и в ходе игровой деятельности;
- участие в активной практической деятельности по охране окружающей среды [7].

Таким образом, осознанно-правильное отношение детей к природе строится на чувственном восприятии природы, эмоциональном отношении к ней и знаниях об особенностях жизни, роста и развития отдельных живых существ, о некоторых биоценозах, о приспособительных зависимостях существования живых организмов от факторов внешней среды, о взаимосвязях внутри природных сообществ.

## ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ

Деятельность – активное взаимодействие с окружающей действительностью. Под деятельностью экологической направленности следует понимать организованную и целенаправленную образовательно-воспитательную работу детей, связанную с изучением окружающего мира, основанную на добровольных началах и проводимую вне занятий [7].

Виды деятельности экологической направленности [7]:

- игровая деятельность, сюжетно-ролевая игра, отражающая различные события в природе или природосозидающую деятельность взрослых;
- трудовая и практическая деятельность по созданию условий для живых объектов в зеленой зоне;
- художественно-творческая деятельность, создание изопродукции на основе впечатлений от природы или деятельности людей в природе;
- практическая познавательная деятельность – экспериментирование;
- самостоятельная познавательная деятельность – наблюдение;
- речевая деятельность;

– природоохранительная деятельность;
– комплексная деятельность – добровольный контакт с объектами растительного и животного мира, общение с природой, оценочные суждения, любование.

Формы деятельности по экологическому воспитанию:
– индивидуальная форма;
– групповая форма;
– массовая форма.

Все эти формы тесно связаны между собой, дополняют и совершенствуют друг друга. В основе каждой из них лежит преимущественно практическая работа детей под руководством воспитателя, поэтому при выборе той или иной формы необходимо учитывать степень подготовки детей, уровень их развития, индивидуальные особенности и интересы. Для усиления интереса к предстоящей деятельности дети привлекаются к обсуждению перспектив предстоящей работы, ее планирования и проведения.

Должный педагогический эффект дает выполнение детьми *индивидуальной работы*. Ее организация требует индивидуально-дифференцированного подхода, знания психологических особенностей личности дошкольника.

К *групповым и массовым формам* относятся (Таблица 2):
– экологические праздники;
– экологические игры;
– соревновательные экологические игры;
– ролевые экологические игры;
– имитационные экологические игры.

Все многообразие форм и методов организации деятельности по формированию экологической культуры в современных организациях дошкольного образования должны регламентироваться внутренними учебно-методическими и программными документами.

*Таблица 2 – Групповые и массовые формы деятельности по экологическому воспитанию дошкольников*

| № | Форма | Характеристика | Примеры |
|---|---|---|---|
| 1 | Экологические праздники | Совокупность экологических мероприятий, приуроченных к определенной дате. | Викторины, оформление стенгазет, альбомов, выставок. |
| 2 | Экологические игры | Игры, основанные на развертывании особой (игровой) деятельности участников, стимулирующие высокий уровень мотивации, познавательного интереса и эмоциональной включенности, что немаловажно при формировании экологической культуры дошкольников. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Соревновательные экологические игры | Игры, основанные на стимулировании активности участников в приобретении и демонстрации экологических знаний, навыков, умений. | Конкурс-аукцион, конкурс проектов по охране природы, конкурс-марафон, экологические викторины. |
| 4 | Ролевые экологические игры | Игры, основанные на моделировании социального содержания экологической деятельности. | |
| 5 | Имитационные экологические игры | Игры, основанные на моделировании экологической реальности и предметного содержания экологической деятельности. | |

Таким образом, воспитательные мероприятия, проводимые с целью формирования ответственного отношения к природе, осознания экологических проблем как общественно и лично значимых могут быть эффективными в плане экологического воспитания.

## ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Экологическое воспитание как одно из базовых оснований личности представляет собой сформированность духовно-нравственного сознания и эмоционально-окрашенного отношения дошкольника к природе. Детям необходимо помочь осознать значение природы как универсальной ценности, понять красоту, самоценность живого существа. Важнейшим показателем бережного и заботливого отношения к живым существам является желание детей принимать активное участие в уходе за ними.

В процессе ухода дети наглядно прослеживают и постепенно начинают понимать зависимость жизни и состояния растений и животных от труда человека. Прекрасное и эстетически возвышенное в отношении к природе неразрывно. Эмоционально-эстетическое при воспитании отношения к природе взаимосвязано с интеллектуальным, на что указывают многие психологи и педагоги. Они подчеркивают, что без эстетически направленного восприятия практически невозможно существенное познание природных явлений и целостное их освоение.

Дошкольники могут овладеть нормами и правилами, а также ограничениями и запретами экологического характера. Нравственная позиция ребенка по отношению к природе проявляется в моральных суждениях, нравственном выборе и поведении в экологических ситуациях, развитом чувстве сопереживания и милосердия. Необходимо познакомить детей с правилами поведения в природе с учетом ее сохранения и защиты. Постепенно ребенок будет овладевать системой поведенческих экологических умений, что является составной частью экологической культуры личности.

Исходя из общей цели экологического воспитания, особенностей психического развития ребенка, в дошкольном возрасте возможно и

необходимо заложить основы экологической культуры, так как именно в этот период накапливаются яркие, образные эмоциональные впечатления, первые природоведческие представления, закладывается фундамент правильного отношения к окружающему миру и ценностной ориентации в нем.

Методическое руководство по экологическому воспитанию детей дошкольного возраста в дошкольной организации призвано фокусировать внимание педагогов и родителей на особенностях формирования ответственного отношения человека к природе и окружающей среде.

В данном методическом руководстве рассмотрены методы экологического воспитания дошкольников; описаны виды деятельности экологической направленности и охарактеризована система экологического воспитания дошкольников в семье.

Таким образом, комплексная работа по экологическому воспитанию детей дошкольного возраста в дошкольной организации является важным аспектом их развития, отличающийся формированием экологического сознания, ответственного отношения к природе и навыкам здорового образа жизни. Дошкольная организация играет ключевую роль в психологическом сознании и ответственном отношении к природе у детей.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ


1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения: приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года №348. – https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031
2. Типовые учебные планы: приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 9 сентября 2022 года №394. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
3. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения: приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 14 октября 2022 года №422. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235
4. Модель развития дошкольного воспитания и обучения: Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 марта 2021 года №137. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
5. Николаева С.Н. Методика экологического воспитания дошкольников: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., испр. — М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 184 с.
6. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Социально-эмоциональное дошкольное воспитание и интеллектуальное развитие ребенка // Обществознание и социальная психология. – 2023. – № 5 (49). – С. 806-810. – https://drive.google.com/file/d/1q4P6Kmg9Opx_xtCfjZ97lQ79A_rZ40nR/view?usp=share_link
7. Суркина С.А. Экологическое образование дошкольников: учебное пособие. – Саратов: Изд-во «Саратовский источник», 2011. – 103 с.

СОДЕРЖАНИЕ


| | | |
|---|---|---|
| 1. | Пояснительная записка | 15 |
| 2 | Введение | 16 |
| 3 | Методическое руководство «Экологическое воспитание детей в условиях дошкольной организации» | 17 |
| 4 | Заключение | 22 |
| 5 | Список использованных источников | 24 |


.